



МҰРАТ ҚАЗАЛЫ

№60
(2438)
Сенбі
8 тамыз
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МӘЖІЛІСТЕ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ МЕН «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте отандық тауар өндірушілерді қолдау және ілгерілетуде атқарылған шаралар талқыланды. Аталған мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысып, облыс әкімі жүктеген тапсырмаларға сәйкес аппарат мәжілісін өткізді.

Жиында алдымен аудандағы өңдеу өнеркәсібі мен кәсіпкерлік саласының қазіргі ахуалы сараланды. Бүгінде ауданда өңдеу өнеркәсібі саласында 22 кәсіпорын, оның ішінде 2 орта және 20 шағын кәсіпорын тұрақты жұмыс істейді. Онда 700-ге жуық адам қызмет етеді.

2025 жылы сауда инфрақұрылымын жаңғырту бағытында жалпы құны 2,9 млрд. теңгені құрайтын заманауи форматтағы 30 сауда нысаны пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, Әйтеке би кентіндегі 17 сауда үйі мен шағын маркетте «Қазақстанда жасалған» арнайы сауда бұрыштары ұйымдастырылған.

Ауданда өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласында 6 экспорттаушы



кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындар негізінен күріш, балық және қамыс өнімдерін шетел нарығына экспорттап, өңірдің экспорт көлемін ұлғайтуға өз үлесін қосуда.

Мәжілісте аудан әкімі тиісті сала басшылары мен қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне кәсіпкерлікте мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы жеңілдетілген несие мен қайтарымсыз гранттарды тиімді пайдалану, жаңа кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу, олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жабылған кәсіпкерлік нысандарының себептерін зерделеу бағытында нақты тапсырмалар берді. Со-

нымен бірге, кәсіпкерлік нысандарының сыртқы келбетін талапқа сай қалыптастыру, санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстарын жақсартуды міндеттеді.

Жиында күн тәртібіндегі екінші мәселе – «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асырылу барысы қаралды. Жоба аясында ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын қолдау, өндіріс көлемін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашу, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және кооперацияны дамыту бағытындағы жұмыстарға талдау жасалды.

2025 жылы облыс бойынша

«Ауыл аманаты» жобасын іске асыруға жалпы 5,5 млрд. теңге бөлінсе, оның ішінде ауданда 67 жобаны қаржыландыруға 834,2 млн. теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда аудан бойынша жалпы құны 850,5 млн. теңгені құрайтын 112 жоба мақұлданды. Оның ішінде жалпы сомасы 766,0 млн. теңгеге 104 жоба толық қаржыландырылса, құны 84,5 млн. теңгені құрайтын 8 жобаны қаржыландыру ағымдағы жылдың тамыз айының ішінде жүзеге асырылмақ.

Аудан әкімі жауапты сала басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне мемлекеттік қолдау құралдарын тиімді пайдалану арқылы тұрғындардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыру жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

Мәжіліс соңында ауданның санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстары да сараланып, анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жою, нәтижесі бойынша фотосуреттер ұсыну тапсырылды.

Жиында қортындылаған аудан әкімі аймақ басшысы берген тапсырмалардың сапалы әрі мерзімінде орындалуын қамтамасыз етуді жауапты сала басшылары мен қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне қатаң тапсырды.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТТІ



Қазалы ауданында аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиевтің төрағалығымен Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тер-

геп-тексеру департаментінің ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында аудан тұрғындарымен кездесу өтті.

Жиынға Қызылорда облысы

бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аса маңызды істер жөніндегі тергеушілері Майра Тұрлыбекқызы Оралбаева мен Шыңғысхан Орнықұлы Досжанов, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері және аудан тұрғындары қатысты.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамда орнықтыру жөніндегі тапсырмалары аясында интернет-алаяқтықтың, қаржы пирамидаларының және экономикалық құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселелері кеңінен

талқыланды.

Тұрғындарға интернет алаяқтарының әрекет ету тәсілдері, жеке деректерді қорғау, күмәнді қаржылық ұсыныстардан сақтану жолдары мен қолданыстағы заңнама талаптары жан-жақты түсіндірілді. Кездесу соңында аудан тұрғындары тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, құқықтық кеңестер ұсынылды.

Шараның негізгі мақсаты – тұрғындардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру және азаматтарды алаяқтық қылмыстарынан сақтандыру болды.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

АУДАН ӘКІМІ БЕЛГІЛІ ТЕОЛОГ НҰРЛАН БАЙЖІГІТҰЛЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген Астана қаласындағы «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы, дінтанушы-теолог Нұрлан Байжігітұлымен кездесті.

Кездесуде аудан басшысы теологпен өскелең ұрпақ тәрбиесі, жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, құқықтық мәдениетін арттыру және қоғамдағы жауапкершілік қағидаларын нығайту мәселелері жөнінде пікір алмасты.

– «Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – әркімнің өмір салтына айналуы тиіс. Ол үшін өскелең ұрпақтың бойына осы бастан жасампаздық қасиеттерді сіңіріп, оларды тәртіпке баулу қажет», – деген Президентіміздің сөзі бүгінгі



қоғам үшін ерекше маңызды. Сондықтан жас ұрпақты білімді, тәрбиелі, елжанды азамат етіп қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Бұл бағытта ауда-

нымызда бірқатар жұмыстар атқарылып келеді, – деді аудан әкімі.

Кездесуде аудан басшысы Президенттің, Үкіметтің және облыс

әкімінің қолдауымен ауданда жастарға жасалып жатқан мүмкіндіктер туралы атап өтті. Атап айтқанда, білім беру сапасын арттыру, шығармашылық пен спортты дамыту, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жаңа әлеуметтік және спорттық нысандар салу, жастардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар кеңінен сөз болды.

Өз кезегінде Нұрлан Байжігітұлы жастардың тәрбиесінде отбасы, білім беру ұйымдары, қоғам және дін өкілдерінің өзара бірлескен жұмысының маңыздылығына тоқталып, жастардың рухани дүниесін байыту, дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу және жат ағымдардың алдын алу бағытында ой-пікірлерімен бөлісті.

«САНАЛЫ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» АТТЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС

Қазалы ауданында аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен жас ұрпаққа сапалы біліммен қатар тағылымды тәрбие беру мәселелерін талқылау мақсатында «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты кеңейтілген мәжіліс өтті.

Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен мәжіліске аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, аудан жастарымен кездесуге арнайы келген қонақтар – Астана қаласындағы «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы, дінтанушы, теолог Асанов Нұрлан Байжігітұлы, ақын, «Алтын домбыра» республикалық айтысының үш дүркін иегері, облыстық мәслихаттың депутаты, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театрының директоры Мұхтар Ниязов, танымал ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Күміс қалам-2025» байқауының жүлдегері Ақжол Түменбай және құқық қорғау органдарының бас-

шылары, зиялы қауым өкілдері, мекемелердің басшылары, ата-аналар комитетінің өкілдері, мектеп директорлары мен аудан жастары қатысты.

Жиында аудан басшысы алдымен өскелең ұрпаққа сапалы біліммен қатар саналы тәрбие беру – мемлекет пен қоғам алдындағы ортақ міндет екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жас ұрпақты еңбекқорлыққа, тәртіпке, отансүйгіштікке және заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу жөніндегі ұстанымдарына тоқталып, бүгінгі қоғамда отбасы, мектеп және мемлекеттік органдардың өзара үйлесімді жұмысы ерекше маңызға ие екенін жеткізді. Сондай-ақ, жаңа Конституция аясында қоғамда заң үстемдігін нығайту, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және жауапты азамат тәрбиелеу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Мәжіліске арнайы шақырылған қонақтар жастар тәрбиесі, рухани құндылықтарды

дәріптеу, діни сауаттылықты арттыру, ұлттық болмысты сақтау, құқықтық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыру мәселелері төңірегінде мазмұнды ой-пікірлерімен бөлісті.

лы тағылымды ойларын ортаға салды. Ал, ақын Ақжол Түменбай жастардың рухани дүниесін байытудағы әдебиет пен ұлттық тәрбиенің орнына тоқталды.

Кеңейтілген мәжілісте аудан про-

сты. Аудан жастары қонақтарға сауалдарын қойып, жас ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарды бірлесіп



Белгілі теолог Нұрлан Асанов жастардың құқық діни ағымдардың ықпалынан сақтануы, отбасы, ата-ананың тәрбиесінің маңызы мен рухани иммунитетті қалыптастыру жайында кеңінен әңгімелесе, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов ұлттық тәрбие, отбасы құндылығы және ата-ананың жауапкершілігі тура-

куроры Мадияр Бекпанов жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру бағытында қабылданып жатқан шаралар туралы сөз қозғады.

Жиынға қатысушылар көтерілген мәселелер бойынша пікір алма-

жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Жиынды аудан басшысы ұрпақ тәрбиесі – барша қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды қоғам болып бірлесе жүйелі түрде жалғастыру керектігін айтты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ

Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық.

Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

Болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Жемқорлық-қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге,

КАССАДАҒЫ БАҒА МЕН СӨРЕДЕГІ БАҒА ӘР ТҮРЛІ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА

Бөлшек сауда саласындағы ең көп таралған бұзушылықтардың бірі - сауда залындағы баға белгісінде көрсетілген тауар құнының кассада төлеуге ұсынылатын бағаға сәйкес келмеу жағдайлары.

Сауда объектісінің әкімшілігі бұл алшақтықтарды көбінесе техникалық себептермен: тауарды қайта бағалаумен, қысқа мерзімді акциялардың аяқталуымен немесе адами фактормен («баға белгісін ауыстырып үлгермедік») негіздейді.

Заңдық тұрғыдан алғанда, тауарды дүкен сөрелеріне нақты бағасын көрсете отырып орналастыру жария оферта (ҚР Азаматтық кодексінің 395-бабы) деп танылады. Бұл сатушы кез келген азаматпен қатаң көрсетілген шарттарда сатып алу-сату шартын жасасуға дайын екендігін мәлімдейтінін білдіреді.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 24-бабының 12-тармағына сәйкес, тауардың бағалар заттаңбасымен ресімделген, сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витрина-ларына қойылған, көрсетілген құнына сәйкес сатушы (дайындаушы) сатуға міндетті, ал тұтынушы сатып алуға құқылы.

Бағалардың алшақтығы фактісі анықталған жағдайда, тұтынушы тауарды сауда залындағы баға белгісінде көрсетілген құны бойынша сатуды талап етуге заңды құқығы бар.

Бұзушылық фактісін баға белгісі мен чекті фотоға түсіру, сондай-ақ пікірлер мен ұсыныстар кітабына жазба енгізу арқылы тіркеу ұсынылады.

Мұндай жағдайларда азаматтар құқықтық көмек алу және өздерінің заңды мүдделерін қорғау үшін төмендегі мекен-жайға жүгіне алады: ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., И.Журба көшесі, №12 ғимарат, 3-қабат, жедел желі телефоны 8(7242)71-15-30, сондай-ақ, «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіндегі eGov.kz мемлекеттік порталы арқылы ресми түрде өтініш жолдай алады.

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Қызылорда облысы бойынша Сауда
және тұтынушылардың құқықтарын қорғау
департаменті**

ЦЕНА НА КАССЕ И ЦЕНА НА ПОЛКЕ ПРИ РАЗНЫХ УСЛОВИЯХ

Одним из наиболее распространенных нарушений в сфере розничной торговли являются случаи несоответствия стоимости товара, указанной на ценнике в торговом зале, цене, предлагаемой к оплате в кассе.

Администрация торгового объекта часто обосновывает эти расхождения техническими причинами: переоценкой товара, окончанием краткосрочных акций или человеческим фактором («мы не успели поменять ценник»).

С юридической точки зрения размещение товара на полках магазинов с указанием фактической цены признается публичной офертой (ст. 395 Гражданского кодекса РК). Это означает, что продавец заявляет о готовности заключить договор купли-продажи с любым гражданином на строго определенных условиях.

В соответствии с пунктом 12 статьи 24 Закона РК «О защите прав потребителей» продавец (изготовитель) обязан продать, а потребитель вправе купить товар согласно указанной стоимости, оформленной ярлыком цен, выставленным во внутренних и (или) внешних витринах торгового объекта.

В случае установления факта расхождения цен потребитель имеет законное право требовать продажи товара по стоимости, указанной на ценнике в торговом зале.

Факт нарушения рекомендуется зафиксировать путем фотографирования ценника и чека, а также внесения записи в книгу отзывов и предложений.

В этих случаях граждане для получения правовой помощи и защиты своих законных интересов могут обратиться по адресу: Департамент торговли и защиты прав потребителей по Кызылординской области Министерства торговли и интеграции РК, Кызылординская область, г. Кызылорда, улица И.Журбы, здание №12, 3 этаж, телефон горячей линии 8(7242)71-15-30, а также в информационной системе «Е-Өтініш» может официально направить заявление через государственный портал eGov.kz.

**ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ ЖОҚ!**

Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян

ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы.

Қоғаммен бірге өркендеп, етек кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**Серік ӨМІРЗАҚОВ,
«Көларық»
ауылдық
округінің әкімі**

АЛДАНБАУДЫҢ АМАЛДАРЫ

Бүгінгі күні өмірімізді ұялы телефонсыз елестету мүмкін емес. Ал, олардың өндірушілері күн сайын жаңаларын жарнамайды. Жаңа заманауи телефон алу – көптеген адамдардың арманы, тіпті кейбіреулер ол үшін банктен несие алуға дайын. Ал сол телефон сынып қалса өте өкінішті.

Ал бұл ретте тұтынушылар аталған келеңсіздікті жою үшін сауда орталығына барып, сынған ұялы телефонды басқасына ауыстыруға немесе ақаулы тауарды кері қайтаруға тырысады, бірақ сатушылар тауарды қайта алудан бас тартады. Сатушылар заң талаптарын орындауға асықпайды.

Мұның бәрі тұтынушылар көбіне сауда жасаған кезде сатып алынған растайтын құжаттарды алмауынан болады. Чектерді де, кепілдік талондарын да алмайды. Егер тұтынушы қолына құжаттарды алмаса, өз - өзіне проблема тауып алады. Чекте, ең алдымен сатушының барлық деректемелері көрсетіледі, телефон сынып қалған жағдайда оны тауып алу да қиындық тудырмайды. Екіншіден чек – бұл сіз телефонда дәл сол сауда нүктесінен сатып алғандығыңыздың дәлелі. Кепілдік талоны – ол да сатып алғандығыңызды дәлелдейтін құжат. Осы жерде сатып алушы мұқият болуы керек, талонда мөр басылғанын, бар болса қандай мөр екенін тексеріп алуы қажет.

Егер құрылғы істен шығып қалса, ол құжаттар сізге ауадай қажет болады. Әрине, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» қолданыстағы заңға сәйкес, егер қажетті чек пен кепілдік талоны жоғалып қалса, тауарды сатып алу фактісін дәлелдеу үшін тұтынушы куәгерлерді тартуына болады. Дегенмен чек пен кепілді талонды сақтап қою әлдеқайда оңай.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға сәйкес сатып алушы сынған телефонды соның жұмыс істеп тұрған баламасына ауыстырып беруді талап ете алады. Сондай-ақ, тұтынушы басқа ұйым жүргізетін телефонды жөндеуге ақша төлеуді немесе ақаулы телефонның құнын қайтаруды талап ете алады. Бірақ осылардың біреуін таңдауы қажет. Сонымен қатар, телефонның ақаулы екенін және де сіз оны құлатып не суға түсіріп алмағаныңызды да дәлелдеу керек. Сараптамаларды сервис орталықтары мен арнайы аккредиттелген ұйымдар жүргізеді. Егер телефон ақаулығында сатып алушының кінәсі жоқ екендігі анықталса, онда сатушы телефонды ауыстыру немесе ақшасын қайтару бойынша сатып алушының талаптарын орындайды. Егер сараптама қорытындылары күмән туғызса, онда өз есебіңізден басқа сервис орталығының көмегімен телефонның техникалық жағдайына тәуелсіз бағалау жүргізе аласыз. Ал тұтынушының қолында сараптама нәтижелері мен басқа да құжаттары болса, онда оның сотта жеңіп шығу мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., И.Журба көшесі №12 ғимарат, 3-қабат, жедел желі телефоны: 8(7242)71-15-30, 71- 15-69. Инстаграмм: dzppkyzylorda Фейсбук: ДзппКызылорда

**Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігінің Қызылорда
облысы бойынша Сауда және
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаменті**

ЧТОБЫ НЕ ОШИБИТЬСЯ

В наши дни представить жизнь свою без сотового телефона мы попросту не можем. А производители чуть ли не каждый день рекламируют новинки. Купить новый современный телефон – мечта многих людей, и для ее осуществления некоторые готовы даже взять кредит в банке. И чем печальнее, когда этот телефон ломается.

Потребители поначалу сами стараются урегулировать конфликт, пытаются обменять в торговой точке телефон на работающий, или вернут бракованный товар обратно, однако получают отказ от продавцов. Однако продавцы не торопятся выполнять требования закона.

И все потому, что зачастую покупатели не берут подтверждающие покупку документы. Ни чеков, ни гарантийных талонов. Когда потребитель не получает на руки документы, он сам создает себе проблемы. В чеке, во-первых, указаны все реквизиты продавца, и найти его в случае поломки телефона просто. А во-вторых, чек – это доказательство, что вы купили телефон именно в этой торговой точке. Гарантийный талон – это тоже документ, и он тоже подтверждает покупку. Но тут покупатель должен быть внимательным, и проверить, стоит ли на толоне печать, и если стоит, то какая именно.

Документы могут вам очень сильно пригодиться, если устройство выйдет из строя. Конечно, согласно действующему закону «О защите прав потребителей» покупатель имеет право воспользоваться и показаниями свидетелей, чтобы доказать факт приобретения товара, если необходимые чек и талоны потеряны. Но все гораздо проще и разумнее сохранить товарный чек и гарантийный талон.

Согласно Закона о защите прав потребителей, покупатель имеет право потребовать заменить неисправный телефон на аналогичный работающий экземпляр. Также потребитель может потребовать оплату ремонта телефона, которую будет проводить иная организация. Если потребитель захочет, то может потребовать вернуть ему стоимость неисправного телефона. Но выбрать надо что-то одно. Кстати, неисправность телефона еще надо доказать. Как и то, что вы его сами не утопили и не уронили. Проводят экспертизы сервис центры и специальные аккредитованные организации. Если выясняется, что вины покупателя в неисправности телефона нет, то продавец выполняет требования покупателя по замене телефона и возврату денежных средств. Если результаты экспертизы вызывают сомнения, то можно получить независимую оценку технического состояния телефона за свой счет, обратившись в другой сервисный центр. А имея на руках результаты экспертизы и все прочие документы, шансы потребителя выиграть дело в суде существенно увеличиваются.

Отстаивайте свои права и будьте грамотным потребителем!

Департамент торговли и защиты прав потребителей по Кызылординской области Министерства торговли и интеграции РК, Кызылординская область, г. Кызылорда, улица И.Журбы, здание №12, 3 этаж, телефон горячей линии 71-15-30, 71- 15-69. Инстаграмм: dzppkyzylorda, Фейсбук: ДзппКызылорда

● Хабарландыру

«Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты мен күні	Қабылдау орны, мекен-жайы	Байланыс телефоны
Сисенбиев Ерлан Мырзалиевич	Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы	Сәрсенбі, жұма күндері (Сағат 15.00 ден - 18.00-ге дейін)	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі №130	79-2-80 (6920)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. ДИРЕКТОР Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ БАС РЕДАКТОР Раушанбек СЕЙТЕНОВ	Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген	Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru Таралымы 11707 дана.
--	---	--